

## **6В11201 - «Өмір тіршілік қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау» БББ түлектерінің моделі**

### **Оқу нәтижесінде түлек:**

#### **Қабілетті болуы тиіс:**

- экожүйелердің негізгі ғылыми принциптерін; қоршаған ортаға антропогендік әсерге байланысты мәселелерді;
- тәуекелдерді басқару, еңбек қауіпсіздігі және техника қауіпсіздігі бойынша негізгі талаптарды сақтай отырып, жағымсыз оқиғалардың салдарын жою әдістерін меңгеру;
- жұмысқа қатысты қызметтік құжаттарды толтыру және іс жүргізу;
- кен орындарын игеру, минералдық шикізатты өндіру және өңдеу, металлургия және машина жасау, химия және мұнай өнеркәсібі салаларындағы технологиялық процестердің қауіпті және сапалық қасиеттерін бағалау;
- алған білімдерін атқаратын қызметінде қолдану, төтенше жағдайлар кезінде пайдалану ісін ұйымдастыру;
- төтенше жағдайлардың алдын алу және жою шараларын әзірлеу және жүзеге асыру, логистикалық талдау жүргізу және тиісті құжаттаманы жүргізу.

#### **Білуі және түсінуі тиіс:**

- бейбіт уақытта табиғи апаттар, өндірістік авариялар, катастрофалар нәтижесінде пайда болатын төтенше жағдайлар, ғимараттар мен құрылыстардың, инженерлік коммуникациялардың, өндірістік және энергетикалық нысандардың бүлінуі, адамдар мен техниканың, материалдық құндылықтардың шығынға ұшырауы жағдайында шұғыл шаралар қабылдау қажеттілігін, ең алдымен құтқару және шұғыл жұмыстарды жүргізу;
- технологиялық процестердің, өңделетін материалдар мен алынатын бұйымдардың негізгі өндірістік зияндылығы мен қауіптілігін жіктеу;
- кәсіби қызметте техникалық регламенттердің ережелерін қолдану;
- еңбек қауіпсіздігін басқарудың тиімді жүйесін қолдану, қауіпті және зиянды өндірістік факторлардың жұмысшыларға әсерін азайту;
- қауіпті өндірістік объектінің қауіпсіздігі декларациясын әзірлеу;
- радиоактивті заттармен ластанған аймақтарда ауа, топырақ және судың үлгілерін зерттеу және алу бойынша эксперимент жүргізу, әртүрлі сәулелену түрлерінен қорғаныс экрандарын есептеу, радиоактивті көздерді пайдаланатын кәсіпорындардағы радиациялық жағдайды бағалау бойынша талдау жүргізу.

#### **Құзыретті болуы тиіс:**

- сервис орталықтарын жобалау кезінде компьютерлік техниканы қолдану;
- шикізат пен дайын өнімнің сапасын бақылау әдістемесі бойынша ғылыми зерттеулерде;

- жоғары оқу орындарындағы ғылыми және ғылыми-педагогикалық қызметте;
- кәсіпорынның өндірістік циклінде;
- ауыл шаруашылығын электрлендіру және автоматтандыру жүйелерін жобалау, монтаждау, реттеу, жөндеу және пайдалану;
- еңбек заңнамасы, еңбек қауіпсіздігі және экологиялық қауіпсіздік нормалары мен ережелері, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігі мәселелерінде, ҚР заңнамалық және нормативтік актілерін пайдалануда;
- ауыл шаруашылығы мен өңдеу кәсіпорындарында энергия және ресурс үнемдеуші жаңа технологияларды қолдануда.